

ЖОЛДАУ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНА ЖАҢА МІНДЕТ ЖҮКТЕДІ

Халық үніне қулақ асатын мемлекеттің басты бағыты – «Құшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» тұжырымдамасын іске асыру. Президенттің кезекті Жолдауы Білім күнімен сәйкес келуі кездейсоқтық емес. Өйткені адами капиталды дамытудың бірден бір қайнар көзі – ғылым мен білім. Кезекті Жолдау білім беру жүйесінің барлық қызметкерлерінің назарын аударды.



Мемлекет басшысының биылғы «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдау саяси-экономикалық маңызы бар тапсырмаларға толы, күрмеуі қыын бірқатар мәселелерді қамтыған. Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев жаңа экономикалық бағдарында «Әділдік, инклюзивтік және үнемшілдік» ұстанымдарының Жолдаудың негізгі басым қағидат екендігіне назар аударды. Оның өзінде әрбір бастама мен жобаның, жоспардың нақтылана отырып, небәрі үш жыл ішінде жүзеге асырылуы да маңызды екендігін көрсетіп берді. Қазіргі уақытта белең алып отырған саяси және экологиялық сын-қатерлерде ел экономикасының өндіруші мемлекеттен өңдеуші мемлекетке айналуының қажеттігі ел қауіпсіздігінің басты бір белгісі екендігін атап өтті.

Президент өз Жолдауында ғылым мен білім саласында озық технологияларды пайдалана отырып, ірі кәсіпорындар, компаниялармен бірге ғылымның жетістіктерін өңірдің экономикасын дамытуға бағыттауды тапсырды.

Қасым-Жомарт Кемелұлы ауыл шаруашылығы саласына жоғары технологияларды, инновациялық амал-тәселдерді енгізуінде маңызыдылығын ерекше атап өтті. Президенттің агрғылымды дамытуға қатысты тапсырмалары Оңтүстік өңірді ауыл шаруашылығына қажетті білікті кадрлармен қамтамасыз етіп отырған оқу ордасына бірқатар жаңа міндеттерді жүктеді.

Аграрлық факультет – М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің негізгі факультеттерінің бірі: «Агрономия», «Топырақтану және агрохимия», «Ветеринария», «Сурстары және суды пайдалану», «Агротехника», «Жерге орналастыру», «Кадастр», «Мал шаруашылығы өнімдері өндірісінің технологиясы» сияқты бірнеше білім беру бағдарламалары болынша білікті мамандар дайындейді. Қазіргі уақытта факультетте 3 ғылым докторы, 2 профессор, 33 ғылым кандидаты және ауыл шаруашылығы ғылыми-зерттеу институттарының ғылыми қызметкерлері табысты еңбек етіп жатыр. Біздің ғалымдар Ресей, Голландия, Германия, Өзбекстан, Монголия және басқа да елдердің ғылыми үйымдары, мекемелерім, аграренеркәсіптік фирмалары және өндірістік кооперативтерімен тығыз ғылыми-өндірістік байланыста.

Голландиялық әріптермен бірге аграрлық технопаркті үйімдастыру, атап айтқанда фермерлерді жаңа технологияларға үйрету, жаңа мал азықтық дақылдарды енгізу, голландиялық, түрік әдістерін колдана отырып жылыжайларды жетілдіру міндеті тұр. Израиль әдісі арқылы жаңа технологияларды пайдалана отырып жеміс-жидек дақылдарының өнімділігін арттыру да – осы технопарктің міндеті.

Әуезов университетінің ғалымдары дақылдардардың жаңа сұрыптарын шығарып, оны өсіру мәселесін шешу жолында, еліміздегі су тапшылығына қатысты ғылыми зерттеудерлерді жүргізуде өз үлесін қосады.

Білім және ғылым елдің бәсекеге қабілеттілігінің болашағын және оның азаматтарының әл-ауқатын айқындауды. Сондықтан жасанды интеллект пен адам бәсекеге түсken бүгінгідей қарқынды дамыған заманда заманауи дағылар мен біліктіліктерді менгеру, жаңаша білім алу – ете маңызды.

«Жасанды интеллектінің мүмкіндіктерін толық пайдалансақ, білім экономикасына тың серпін береміз. Жетекші халықаралық компаниялармен ынтымақтастық орнату керек. Білікті мамандар даярлауымыз қажет. Кемінде үш белгілі жоғары оқу орны жасанды интеллект саласына қажетті кадр даярлаумен және зерттеулер жүргізумен айналысусы керек», – деді ел президенті Қ.Тоқаев. Шын мәнінде, жасанды интеллектінің адамзат игіліне оңтайлы пайдалану, осы бағытта кадрларды даярлау шапшаңдықты қажет өтетін мәселе. Әуезов университеті бүгінде блок чейн технологиясы бойынша оқытып, «смарт университет» жүйесін енгізді, студенттер «Coursera» сияқты халықаралық онлайн платформаларда қосымша білім алады. Ел Президентінің тапсырмасына сәйкес алдағы уақытта жасанды интеллектіге негізделген инновациялық білім бағдарламалары әзірлену қолға алынады.

Мемлекет басшысы қазіргі заманғы тәрбие Абайдың «толық адам» концепциясына негізделуі керек екендігі жиі айтады. Осы Жолдауда да тәрбие мәселесін тілге тиек етті. Әуезов университетіндегі тәрбие жұмысы толықтай парасатты студент, адал азамат, тұғырлы тұлға қалыптастыруға бағытталған. Студенттердің сапалы біліммен қатар саналы тәрбие алуына ерекше мән беріледі. Хакім Абай: «Тегінде, адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ», – дейді. Бұл өзінің мәнісін жоймайтын мәңгілік аксиома. Оқудың алғашқы күнінен бастап университет студенттерді білімге, ғылымға, академиялық адалдық саясатын берік ұстануға, ар тазалығын сақтауға баулиды.

Мемлекет басшысы атаған «Бәріне бірдей мүмкіндік беретін өркениетті ел – Әділетті Қазақстанды құру» жолындағы ғылым және білім беру үйімдарының рөлі өте маңызды. Осы маңызды миссияны жауапкершілікпен атқаруға әзірміз. Академиялық қоғам және жастар жолдауды толық қолдайды.

Дария ҚОЖАМЖАРОВА,
М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан
университетінің басқарма төрағасы – ректоры